ЖАҢАЛЫҚТАР

Айтыс ақыны Надежда Лушникова дүниеден озды

9 қараша 2026 жыл, 10:59



Айтыс ақыны Надежда Лушникова 86 жасқа қараған шағында дүниеден озды

Айтыс ақыны Надежда Лушникова 86 жасқа қараған шағында дүние салды. Бұл туралы Қазақстан жазушылар одағы **хабарлады**.

"Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы марқұмның туған-туысқандары мен жақындарына, қалың оқырман қауымға қайғырып көңіл айтады" деді одақ көңіл айту хабарламасында.



View more on Instagram

41 likes

zhazushylar_odagy

Айтыскер ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Надежда Лушникова 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Надежда Лушникова 1940 жылы 22 қарашада Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында туған. Қазақ арасында тәрбиеленіп, қазақша оқып, білім алған.


1961 жылы М.Мәметова атындағы педучилищені (Қызылорда), 1969 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін (қазақ бөлімін) бітірді. Өлеңді жазып та, суырып та шығарады. 1963 жылы Қызылордада облыстық айтысқа қатысып, жүлдегер болды. Шымкенттік Қалдыбек Әліқұловпен айтысы киноға түсірілді («Айтыс», режиссері Т.Дүйсебаев). Жамбыл аудандық (1965, 1978), Алматы облыстық (1977, 1979) айтыстарына қатысып, әріптестерін жеңді.

1963–1985 жж. газетте әдеби қызметкер, баспа редакторы, мектепте мұғалім болған. 1985 жылдан Жамбыл ауданындағы Ү.Кәрібаев мұражайының директоры. Алғашқы өлеңдері Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде 1958 жылы жарияланды. Өлең-жырларының жинағы екі дүркін жеке жинақ болып («Елім менің», 1962; «Көңіл хошы», 1970) басылды. Соңғы жинағы үшін Қазақстан комсомолының сыйлығы берілді.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы марқұмның туған-туысқандары мен

Одақтың жазуынша, Лушникова 1940 жылғы 22 қарашада Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген. Жас ақын 1961 жылы Қызылордадағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищені, 1969 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдаған. Түрлі жылдары айтысқа қатысып, жүлдегер атанып жүрген.

1963-1985 жылдары баспасөз құралдарында әдеби қызметкер, редактор қызметтерін атқарған, мектепте мұғалім болған. Ал 1985 жылдан бастап Жамбыл ауданындағы Үмбетәлі Кәрібаев мұражайының директоры болып жұмыс істеген. Қазақ тілінде өлең жазып, жинақтары баспасөз құралдарында жарияланған.



Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған